

**«№57 Ә.Жангелдин атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесіндегі жалпы ата-аналар жиналысының
хаттамасы**

Бірлік ауылы

4 қыркүйек 2024 жыл,
сағ.12-00

Жиналысқа қатысқандар: Мектеп директоры – О.Дарменов, ДТЖО – С.Уринбекова, С.Найманбаев, Ата-аналар комитетінің төрағасы С.Жумадилов, Ата-аналар, сынып жетекшілер.

Күн тәртібі:

1. Мектеп формасы талаптарының бұзылуына жол бермеу және мақсатты түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру. Баяндамашы -С.Уринбекова
2. Мектептің ішкі тәртіп ережесі және оку ұдерісін ұйымдастыру тәртібі. Баяндамашы -С.Уринбекова
3. Кәмелетке толмағандар мен жастар арасындағы қылмыстың алдын алу және құқықбұзушылықты болдырмау. Баяндамашы-С.Найманбаев
4. «Психологиялық және эмоционалдық зорлық-зомбылықтың алдын алу». Баяндамашы -Ә.Хайдарбеков
5. Басқа да түрлі мәселелер

Тыңдалды:

Тыңдалды: Мектеп директоры О.Дарменов – ата-аналарды және жиынға қатысушыларды жаңа 2024-2025 оку жылымен құттықтап, күн тәртібіндегі мәселелелер мен таныстырыды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Уринбекова сөз алғып, өз баяндамасын оқып, мамыр айындағы ата-аналар жиналысында бекітілген «Мектептің ішкі тәртіп ережежесі» бойынша әрбір оқушы мектепке мектеп формасында келу керек дей келе, мектеп формасы және мектептің ішкі тәртіп ережесін бекіту бойынша шыққан мектеп бұйрығы туралы айтты.

Келесі мәселе бойынша құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында кәмелетке толмағандар мен жастар арасындағы қылмыстың алдын алу және құқық бұзушылықты болдырмау тақырыбында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Найманбаев өз баяндамасын оқып шығып түнгі мезгілде 22:00 ден кейін оқушылардың көшеде жүрмейтіндігі туралы, сондай ақ мешітке баруға болмайтынын, сабактан қалдырмауды кейінгі кезде үрдіске айналып бара жатқан туылған күн мәселесіне тоқталып, әр бір бала 18 жасқа толғанша окуына киіміне, тәрбиесіне ата-аналар жауапты екенін айтты. Мектеп психологиялық Ә Хайдарбеков сөзге шығып, «психологиялық және эмоционалдық зорлық-зомбылық тақырыбында баяндама оқып, «баланың

көңлі тақырыбында бейнеролик көрсетті. Сонымен қатар 2024-2025 оқу жылында мектеп оқушылары арасында психологиялық зерделеу жұмысы барысында анықталған кемшіліктерді жою жөнінде айтылды. Әр бір ата-ана сынып жетекші балалар мен жеке сөйлесу әрекеттерін қадағалап отыру керек немесе отбасында өмірге деген құштарлығын арттырып, жақсы сөздер айттып баланың бос уақытысын тиімді пайдаланып мектептегі үйірмелерге қатысуға ықпал жасау керек деп сөзін аяқтады.

Жарыссөзге шыққан ата-аналар Құмсанбаева Мадина, Масақбаев Арапбай, Конқакова Айгерім сөзге шығып өз балаларымызға жақсы тәрбие беру біздің міндетіміз уақыттарын үнемдеу және білімге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында барынша еңбекті өзімізден бастауымыз керек, тәрбие отбасынан басталады дегенді ұмытпауымыз керек. Сынып жетекшілер мен жыныға қатысушылар айтылған мәселелерге толықтай қосылатынын айтты. Осы жогарыдағы мәселелерді қорыта келе қаулы қабылдады.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Оқушылардың мектеп формасында келуі кешікпеуі қадағалансын.
2. Құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары күшейтілсін.
3. Ата-аналар жиналысы жоспарға сай үнемі жүргізілсін.
4. Оқушылардың өмір қауіпсіздігін, өмірге құлшынысы мен белсенділігін арттыруда педагог-психолог тарапынан тұрақты кеңес берілсін

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:



О.Дарменов

Ф.Нарбекова